# Тура жол.

*Ассалаамy лайкум ва Рахматулаахи ва Баракаатух.*

Джакарта қаласында 1997 жылдың 19 желтоқсанында, әйелдер мен балаларды барлығы жүз төрт адам, MI 185 рейсі ұшаққа отырғызды. Ұшуға дағдыланып қалған адамдардың ешқайсының ойында Сингапурға жетеалмаймыз деген күмән болған жоқ. Олар отырған Боинг 737 Палембангтың қасына жеткенде бірден құлдырай бастады да Сунeй Муси калашығының қасында апатқа ұшырап, барлық жолаушылармен борттағы экипаж түгелдей қаза тапты.

Бүкіл дүние жүзінде көптеген адамдардың басына кездейсоқ өлім трагедиялары кездеседі. Олар: зіл зала, циклондар, жерсілкініс, кездейсоқ оқиғалар (инциденттер мен) соғыстар. Және олар бастарына кенеттен түскен өлімді бақылауға қабілетсіз. Басқа адамдар даусы жоқ аурулардан қайтыс болады. Біз бәріміз өлімге дайындалуға тырысамыз. Алайда өлім біздің бақылауымыздан тыс өлімді болжай алмаймыз.

Бірқатар адамдар темекі шекпеу арқылы, түрлі жаттығулар жасап, диета сақтау, жақсы тамақтану витаминдер қабылдауы арқылы ұзағырық өмір сүруге тырысады. Алайда біз қалай тырыссақта күндердің –күнінде өлуге тиіс екніміз туралы шындықты жоққа шығара алмаймыз.

Кейбір адамдар өлім туралы мүлде ойламайды, егер олар ешқандай мұқтаждық көрмесе, ақшалы болып, жақсы тамақтануға мүмкіндігі болса, болашақ өмірлерін қаржылай қамтамасыз етіп қойса, жанұяда оларды мазалайтын ешқандай мұқтаждықтар болмаса қоғамда жақсы деңгейге көтерілген жағдайда өлім олардың ойына да кіріп шықпайды. Бірақ өлімге карттар мен мұқтаж адамдар ғана емес, жалындаған жас адамдар да аяқ астынан душар болуы мүмкін. Өлім адамдардың барлығын бірдей етіп теңестіреді.

Алла өзінің әділ сотына негізделген құдіретімен бізді тозаққа не жұмаққа жіберe алады. Оның Аты *Ар Рахманир Рахим* (Ең Рахымды және Мейрімді) сондықтан Ол бізге әрдайым барлық өлім түрлеріне және қиямет сотына дайын болуымызды ескертеді. Барлық адамдар жер бетіндегі сүрген өмірлеріндей барлық істеген істеріне жауап беру үшін бір кездері өліп, қиямет сотын көруге тиісті.

Сондықтан Алла бізге әрдайым дайын болуды талап етеді. Әрқашан дайын болған адам Алла беретін тыныштыққа ие болып Тура Жолмен (Сиратул Мустакиим) жүретін кісі болып табылады.

# Бұл өмір жалған өмір.

**Өмірдің мәні неде?**

Бұл өмір жалған өмір. Өмір және дүниенің бар байлығы да бірде бар, бірде жоқ бұлдыраған алдамшы сағым сияқты. Өйткені біздің өміріміз мәңгілік өмір сүретін Алладан бастау алғандықтан, бұл дүние тәрізді өткенше емес.

Көптеген адамдар тек қана осы өмірдің алдамшы қызықтарымен қуаныштарына бола өмір сүреді. Күн сайын бұл дүниенің іс әрекетінен қолымыз босамайды, жұмыс істеп, ақша табу жолында, дүниенің әртүрлі өткінші еліктіріш қуаныштарына беріламіз. Біз олардың өткінші екенін білгендіктен өміріміздің мәні жойыла бастайды. Әзәзіл бізге сол алдамшы бақытқа ұмтылуға кеңес береді. Ол күнә жасаттыру арқылы біздің бар

өмірімізді ысырап қылып күндердің – күнінде біз мәңгілік тозақтың тұрғындары болғанымызды қалайды.

Жер бетінде біз бақыттан бұрын қайғы - қасіретті жиі бастан кешіретініміз өтірік емес. Біз күндердің – күнінде жандарымыздың Иесі болып табылатын Алланың алдына баратынымызды ұмытып, депрессияға (құлдырауға) түсеміз, сөйтіп өміріміздің мән - мағынасын жоғалтамыз.
Бірақ Алла шынайы бақыт неден тұратынын көре алуымыз үшін бізді үнемі өзі жетелеп отырады. Оның жетекшілігіне сүйене отырып біз осы өмірде өзімізді өзіміз бақылай аламыз. Оның Тура Жолымен (Сиратул Мустаким) жүру арқылы біздің өміріміз тазарады, сол арқылы біз жұмаққа бара аламыз.

Ақырет күні (Ақырғы заманда немесе Соңғы күні) адамзат рухы баратын екі орын бар. Олар – жұмақ не тозақ. Біздің рухымыз Қиямет күні өзгертуге және шығуға болмайтын осы екі орынның біріне бару үшін сотталады. Сөйтіп біз ол жерде мәңгі боламыз. Біз қазір қашан және қай уақыта дүниеден өтетінімізді білмейміз. Бірақ қай орынға баруды таңдауға тап қазір мүмкіндігіміз бар.

**Сен қай мәңгілік орынды таңдайсың?**

## Жұмақ.

Жұмақ мәңгілік өмір сүру үшін ең тамаша ғажайып жер. Жұмақта тыныштықтың жанға жайлы леп ескен таңғажайып саябақтар орнатылған. Біздің шектеулі ақыл - парасатымыз жұмақты толық суреттей алмайды. Киелі Кітап оны бізге қазір ашады. Алланың өзі құтқарылу сылаған сенушілер күнәнің құлдығынан азат. Шексіз ұлы қуанышқа бөленген олар, қайғы-қасіреттен мәңгі азат еткен Аллаға мадақтау айтады.

Қалайша біз күнәхар ерлер мен әйелдер осындай бақытқа кенеле аламыз? Тек қана қасиетті қылған адамдар ғана сол ғажайып орынға бара алады. Аль Құран Аль Кәрімде, Алла тағала, өзінің бүкіл адамзатқа деген қасиетті сыйлығы ретінде Мариам ұлы (Ибн Мариам) Иса А.С. тағайындағанын ашады.

*Бисмиллахи Рахманир Рахим.*

***«…Мен тараптан адам баласына бір үлгі әрі бір мархамет…»***

Сүре 19:19,21

Аспандала жерде де Алла тағала Иса А.С. атын аспанда да жерде де уәде етілген мәртебелі Имам Махди (Ал Мәсіх) ретінде тағайындады.

*Бисмиллахи Рахманир Рахим.*

***«…оның аты Мәсіх Иса Мариам ұлы, дүние ақиретте беделді сондай-ақ Аллаға жақындардан болады…»***

Сүре 3:45

## Тозақ.

Тозақ – жантүршігерлік азап пен қыналу орны. Ол жерге түскендер оттан жасалған киім-кешек пен көрпе - төсектен кереуеттерден қатты азап шегеді. Олардың үсті де асты да айналасы да отқа толы. Ол жерде барлық нәрсе жалынға оранған, қара түнекке және түтінге толы. Қатты қиналып азап шеккен

жандар онда өле алмайды, және босануға ешбір үмітсіз. Ол жерде азап пен аурудың шегі жоқ, олар мәңгілік жалғасады.

Бірінші адам, Адам Атадан бері барлық адамзат шайтанның азғындығына түсті. Олар күнәкар болып ең қорқынышты орын – тозақта жазалануға үкім шығарылды.

*Бисмиллахи Рахманир Рахим.*

***«Сендерден тозаққа келмейтін (сыраттан өтпейтін) ешкім болмайды.».***

Сүре 19:71

## Ал Сиратул Мустакиим.

**(Жұмаққа бастайтын Тура Жол)**

Алла тағаланың түсіргенінің бәріне Сенушілердің ғана Тура Жолда жүретінін біз бәріміз білеміз. Оған қоса, әр бір уақытында дұға етіп қайыр садақа беріп тұрған кісі өз сыйлығын алады.

Сүре 4:162

Алланың бізге осы Жолда ұстануға берген анық аяндарын біздің арамыздан қанша адам біледі? Біз осы Алланың анық аяндарысыз бұл Жолдың Туралығын қалайша білмекпіз? Біз осы Алланың анық аяндарын білмесек қалайша біз оларға сене аламыз?

Аспан Патшалығына кіру үшін жеткілікті нәрселердің мөлшері бар ма? Қаншалықты біз діни заңдарға бағынуымыз қажет? Қанша қайыр садақа беріп, дұға етуіміз қажет? Діни тәжірибеде айқын нұсқаулар мен жауаптар жоқ.

Шынында да, қанша адам Аспанға апаратын Жолдың ережелерін толықтай орындап жатыр? Аспан Патшалығына кірер алдында қанша адамның мойынсұнудың және қайырымдылықтың ережелерін толықтай орындауға батылдылығы, сүйіспеншілігі және ынтасы бар? Нәтижесінде көп адамдар, күмән мен жеккөрушіліктің құлдығында жүр.

Адамзат үшін өзі дайындап кеткен Тура Жолды білуіміз үшін Оған мойынсұна дұға етіп, тәубе етуіміз керек.

*Бисмиллахи Рахманир Рахим.*

«Индинаш шиpaатал мустакиим»
***«Бізді тура жолға сала көр!»***

***Сүре 1:6***

«Иаа аиниухаи ладзиина ааманут такуллааха уабтағхуу илайхил уасиилата…»
***«Әй иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар, Оған жақындасуды іздеңдер.»***

***Сүре 5:35***

## Аса Қамқор және Мейрімді.

**(Ар Рахманир Рахим)**

Құдай Иеміз өте мейрімді әрі сүйіспеншілігі мол болғандықтан Құран Кәрім арқылы жұмаққа кірудің жолын үйретеді. Ендеше төменде жазылған Құран кәрімдегі және хадистегі жазбаларға көңіл бөлейік:

Жұмаққа кіруі үшін Құран Кәрім мен хадистердің жетекшілігі.

1. Иса Ғ. С. – шындыққа апаратын Тура Жол.

*Бисмиллахи Рахманир Рахим.*

«Уа иннаху ла илмулис саа ати фа лаа тамтарунна бихаа уат таби ууни хадзаа шираатал мустакиим»
***«Күдіксіз (Иса Ғ.С.) қиямет мезгілінің белгісі.Сондықтан оған күдіктенбей Маған еріңдер. Міне осы тура жол».***

***Сүре 43:61***

2. Иса Ғ. С. – соңынан еруге болатын Нұр.
«Уа ламма джаа-а Иса бил баииййнаати кала кад джитикум бил хикмати уа ли убаиина лакум ба дхал ладзи таталифууна фиихи фат такуллаахауа атиии у»
***"Иса Ғ. С. мұғжизалармен келген заман, оларға: "Мен сендерге хикметті келтірдім. Алладан қорқыңдар, Маған бой ұсыныңдар" - деді."***

***Сүре 43:63***

3. Иса Ғ. С. пікірталастар кезінде де шындық сөзді айтады.
«Дзаалика Исабну Мариама хаулал хакил ладзии фиихи намтаруун».
***«Міне осы: Олар шүбаланған Мариам ұлы Иса Ғ. С. жайындағы Алланың хақ сөзі».***

***Сура19:34***

4. Иса Ғ. С. Алланың Сөзі әрі Хабаршысы (Жеткізушісі).
«Иннамал масииху Исабну Мариама Расуллуллоахи ва калиматуху»
***«Шынайы түрде Мариам ұлы Мәсіх Иса, Алланың елшісі әрі Мариамға жалғастырылған сөзі және Алла тарапынан бір рух».***

***Сүре 4:171***

5. Иса Ғ. С. - Құдайдың Рухы әрі Оның Сөзі.
«Иса фаа иннаху раахуллаху ва калиматуху»
***«Иса Ғ.С. шынымен Алланың Сөзі әрі Оның Рухы»***

***(Хадис Анна-с Бин Малик 72)***

6. Иса Ғ. С. – жалғыз Имам Махди (Мәсіх).
«Лаа махдиас илла Исабну Мариям»
«Мариам ұлы Исадан басқа Имам Махди жоқ»

**(Хадис Ибну Маджах)**

7. Иса Ғ. С. – тәннің (адамның) емес, Рухының қалауымен туылды.
«Уал лат ахшанат фарджахаа фа нафакхнаа фиихаа мир мухинаа уаджа алнаахаа уабнахаа аиатан иилаалямиин»
***«Сондай абыройын қорғаған Мариамға рухымыздан үрледік. Сондай-ақ өзінде ұлын да бүкіл әлемге ғибрат қылдық»***

***Сүре 21:91***

8. Иса Ғ. С. – туылды, өлді және қайта тірілді.
«Уас салааму алаиия уаума уулидту ва уаума амууту ва уаума уб атсу хаииан»
***«Маған туылған күнімде, өлер күнімде және тіріліп, тұрғызылатын күнім де амандық болады»***

***Сүре 19:33***

9. Иса Ғ. С. - өлді, даңқа бөленді және Оның жолын куушылар аспанға көтерілді.
***«Сол уақытта Алла: Әй Иса! Сені Мен алушымын! Сондай-ақ өз тарапыма көтерушімін әрі қарсы болғандардан тазартушымын да саған ілескендерді қияметке дейін қарсы болғандарға үстем қыламын»***

***Сүре 3:55***

10. Иса Ғ. С. – алапестер мен зағиптарды емдеп жазды.
***«...Және Алланың бұйрығымша, анадан тума соқырды, алапесті жазып, өлікті тірілтемін ...»***

***Сүре 3:49***

11. Иса Ғ. С. - өлгендерді тірілтті.

***«..Және бұйырығыммен өлікті (тірілтіп) шығарар едің ...»***

***Сүре 5:110***

12. Иса Ғ. С. – ға кереметтермен Киелі Рух берілген.

***«Мариам ұлы Исаға ашық мұғжизалар бердік те оны Жебрейіл арқылы қуаттадық»***

***Сүре 2:253***

13. Иса Ғ. С. – дан бас тартқандарды, Алла тағала, жалған тәңірлерге табынушылармен бірдей көреді.

***«Және олардың (Исаға Ғ.С.) қарсы шығушылары әрі Мариамға зор жала жапсырған сөздері себепті»***

***Сүре 4:156***

14. Иса Ғ. С. – ға барлық кітап иелері сенетін болады.

**«Кітап иелері, Иса Ғ. С. ға өлуінен бұрын әлбетте иман келтіреді. Және қиямет күнінде ол оларға куә болады.»**

**Сүре 4:159**

15. Кімде – кім Таурат (Заңдылықтар Кітабы) және Інжіл (Иса Ғ. С. - ның Ізгі Хабар кітабы) кітаптарын мойындамағандарды "дінсіз – дермен" (кәпір) қатар айыптайды.

***«Оларға айт: "Әй кітап иелері! Інжіл, Тауратты және Раббыларың тарапынан сендерге түсірілгенді толық орындағанға дейін дененеңе емессіңдер!"...»***

***Сүре 5:68***

16. Иса Ғ. С. негізгі кітаптың мәнін алу үшін Алладан келген Алла Сөзі.

***«Күдіксіз ол Өн қасымыздағы негізгі Кітапта өте жоғары, терең сырлы»***

***Сүре 43:4***

17. Иса Ғ. С. - әлемді билеу билігі мен беделіне ие еді.

***«Әй Мариам! Расында Алла сені өз тарапынан бір сөзбен қуантады; оның аты Мәсіх Иса Мариам ұлы, дүниеге ақиретте беделді сондай-ақ Аллаға жақындардан болады».***

***Сүре 3:45***

Алла тағала Иса Ғ. С. – ды әлемді және келешек дүниені билеу билігі мен беделіне ие етіп жіберді. Иса Ғ. С. – Тура Жол. Құран Кәрімде "Иса Ғ. С. – нің жолын қуушыларды кітап иелерінен үстем етілді" – деп жазылған. Аллаға Иса А. С. соншалықты маңызды болды, себебі Исаның есімі Құран Кәрімде 97 рет аталған.

Жұмақты ғажайып, тамаша кең сараймен салыстырып көрейік. Егер Патша сізді сол сарайға қонаққа шақырса, сіз өзіңіздің сол сарайға кіретініңізге күмәнсіз сенімді бола аласыз, себебі Патша сол сарайдағы толық билік иесі, әрі ең жоғары беделді адам.

Егер де мен сарайды билеуге толық билігім, әрі беделім жоқ билеуші болсам, сөйте тұра сізді қонаққа шақырсам, онда сіз өркпе көптеген шығындар

мен жумсалган энергиялардын барлыгын есептей келе сіз сарайга жіберілмей калуыныздa мумкін деп кумондака бастайсыз.

Улы да Мейрімді Алла тагала адамзат баласын жаннатка апару үшін Иса F. C. – ды Оз Рухымен, айқын нышандарымен патша етіп тагайындады. Иса F. C. Аса кудіретті билеуші Алланың қасынан оның аса қунды да кымбат шақыруын бізге жеткізу үшін келді. Өйткені Иса F. C. көктегі Негізгі кітаптан Алланың Сөзі болып келді. Сондыктан Оның Сөзі өзгермейді әрі оның нускасы кунәдан пәк. Сондықтан оның созі сәтті болуга тиіс. Ол аса кайырымды Алланын тапсырмасын толык, әрі сәтті орындады. Сондыктан Оны кабылдап, сонынан ергендерге, Алланың тура жолымен жургендерге, жер бетінде әділетті өмір сүргендерге жұмаққа нык сеніммен кірулеріне болады. Сондыктан Алла Құран Кәрімде Иса F. C. осы өмірде және жумакта улы мәртебелі болады. Кімде - кім Оның нұсқаған жолымен жүрсе жумаққа барганда Исадан өздеріне тиісті сыйларын алады деді. Мухаммед F. C. пайгамбар өлерінің алдында осы куанышты хабарды Құран кәрімде және Хадистерінде (айтты) баяндады.

## Ең Ұлы Дос.

Мухаммед F. C. пайгамбар өлер алдындағы дұғасында былай деді:

***"О, Алла! Мені кешіре көр, маган рахым ете көр және мені Ең Ұлы Доспен байланыстыра көр"***

(Хадис Шахи Бухари 1573)

***содан кейін Мухаммед F. C. пайгамбар қолын жогары көтерді де: "Ең Ұлы Дос" - деді. Сосын қолын түсіріп, Жүріп кетті.***

(Хадис Шахи Бухари 1574)

сонымен Шахи Букаридің хадистері бойынша Ең Ұлы Дос періште немесе пайгамбар болуға тиіс. Бірақ періштелер ешкашан "Ең Ұлы" деп аталмаған. Сондықтан Мухаммед пайғамбардың ең ұлы досы періште емес пайғамбар болған.

Сонда кай пайғамбар "Ең Ұлы Дос" деп аталуға лайык?

"Адам Шафиуллах" - Адамды Алла тазарткан
"Нұх Наджиуллах" - Алла құтқарган
"Ыбрайым Халилуллах" - Алла сүйді
"Ысмайл Джабихуллах" - Аллага құрбандыкка әкелді
"Муса Калимуллах" - Алла жіберген
"Дәуіт Қалифуллаһ" - Алла жетеледі

(Маджму Шариф)

Алайда ол өзі былай айтушы еді:

**"Мен (Мәриям ұлы Исаға) жерде де, Аспанда да Мәриям ұлы Исаға жақынмын. Барлық пайғамбарлардың өзара туыстың қатынасы болған. Алайда әкелері бір болмағанмен дін біреу ғана."**

(Хадис Шахи Бухари 1501)

***«Әй Мәриам! Расында Алла сені өз тарапынан бір сөзбен қуантады; оның аты Мәсіх Иса Мариам ұлы, дүниеге акиретте беделді сондай-ақ Аллаға жақындардан болады».***

Сүре 3:45

**"Аса қайырымды Алланың атымен айтамын менің жаным оның қолында. Шын мәнінде Мәриям Ұлы Иса келіп әділ соттаушы болатын күн жақындап келеді."**

(Хадис Шахи Муслим 127)

**"Мәриям Ұлы Исадан үлкен Имам Махди жоқ."**

(Хадис Ибну Маджах)

**"Иса - Алланың Рухы, Елшісі және Сөзі."**

(Анас Бин Малик Хал: 72 сүре 4:171)

**Сондықтан "Ең Ұлы Дос" Мәриям Ұлы Исадан басқа ешкім болуы мүмкін емес.**

**Осы "Ең Ұлы Дос" Алла Тағаладан келген болатын.**

Сүре 43:63,64

**"Сондай-ақ тыңдамаса да: "Тыңдадық" дегендер тәрізді болмаңдар"**

Сүре 8:21,22

Сонымен Алланың аяттарын мұқият жазып алыңыздар. Және орындаңыздар өйткені ол Сөздер Тура жолмен жүруді көрсететін компасы. Сіз Құдайдың Сөзін тыңдамағаныңыз үшін тәубе келіңіз.
Біз үшін Алланың баяндаған әрі бекіткен тура жолымен жүруді жалғастырайық.

**Күні бүгін Ең Ұлы Дос бізге қалай көмек береді?**

1. Ең ұлы Достың айқын нышандары Сиратул Мустаким – тура жолды анығырақ көрсетеді.

*Бисмилла Рахманир Рахим.*

**"Мариам Ұлы Исаға анық кереметтер бердік, және оған жебреил (руху-л құдус) арқылы көмектестік… Дінге зорлық жоқ, тек тең шындық өтіріктен (азғындықтан) анықталады…"**

Сүре 2:253, 256.

Мүмкін біз өз дінімізде Алланың көрсеткен ғажайып жолымен жүрудің орнына адамдардың салған дәстүрлі жолымен жүреміз. Мүмкін Мухаммед Наби түсінген нәрсені біз түсінбегенбіз. Алла Тағаланы Ең Ұлы Дос арқылы көрсеткен ғажайып нышандарына қазір мұқтажбыз. Ендеше Алланың кітабында жоқ нәрседен бас тартайық. Оның айқын нышандары шайтанның алдамшы жалған тартымдылықтарын әшкерелейді. Оның айқын нышандары Алланың ақиқат жолын көрсетеді. Калиматуллах Иса (Алланың Сөзі) адамдардың дәстүрлі салттарының екіжүзділігі мен бостығын көрсетеді.

Исаның айқын нышандарына бағыну үшін басқа жолдан бас тартқандар Алланың қайырымды жетегімен жүреді. Олар әрдайым өлімге әрі қиямет сотына дайын. Олар Ең Ұлы Достың қамқорлығын танығаннан кейін жаннатқа кіретініне нық, терең сенімі бар. Олар адамзаттың жетегімен жүрмегендіктен әрі өздерінің шектеулі жақсы істеріне тәуелді болмағандықтан күнәдан азат болады.

О, Мөмін! Исаның көрсеткен айқын нышандарына немқұрайды қарама. Сол нышандарға мойынсұн, сонда біз тура жолды анығырақ көреміз және сол жолмен нық сенімде жүреміз.

**Біз басқа жолдан бас тартық па?**

Біз Ең Ұлы Достың Алладан алған ғажайып сөздерінің жетегінде жүрміз бе?

2. Ең Ұлы Дос тура жолмен жүру үшін сенімді түрде бізге көмектесіп, қолдап, қамқор болып отырады.

Біз қолмен ұстап көре алмайтын Алла осы сөздерімен бізге өзінің ең сенімді қолдарын созады. Оның Рухуллах (Рухы) және Калиматуллах (Сөзі) Иса бұл дүниеге кереметтер арқылы адам бейнесінде келді.

*Бисмилла Рахманир Рахим*

**"...кімде-кім... Аллаға иман келтірсе, сонда ол үнемі үзілмейтін, берік тұтқа ұстағаны..."**

Сүре 2:256

Бұл белгілі аят ул Курси бізге 2:253 аятына қарасақ түсінікті бола түседі. Біз Исаның және пайғамбарлардың айқын нышандарына сенген кезде ғана қорғанын таба аламыз.

- Тек қана Оның созған қолы арқылы ғана Алладан сенімділік келеді. Иса Алланың Рухы болғандықтан күнәнің ешқандай да түрімен ластанбады. Тек Оның Киелілігінің Алладан келген Рух екенінің арқасында ғана біз Алламен байланысамыз. Алланың Рухы болғандықтан Ол ауруларға қайырымдылықпен қол тигізді және Алланың күшімен сауықтырды.

- Мыңау күнәға батқан әлемде Ал Хақ Алла Тағаладан келгендіктен Ол ең сенімді Ұлы Шындық.

- Ол сынақтан сәтті өткендіктен Оның сенімділігі ешқашан әлсіремейді. Әлемді жеңгендіктен адамзат баласының ең бір күңлыраған шағында да Ол өз тыныштығын сақтады.

*Бисмилла Рахманир Рахим.*

**"Маған туылған күнім де және қайта тірілііп тұрғызылар күні де мамыражай болады"**

Сүре 19:33

**Ешқашан әлсіремейтін сенімді тірек.**

Егер біз Алла Тағаланың өмір және өлім туралы ғажайып нышандарына сенетін болсақ біз өміріміздің соңына дейін тыныштығымызды жоғалтпаймыз.

*Бисмилла Рахманир Рахим.*

**"Сол кезде Алла: "Ей, Иса! Мен сені өлтіремін де, өзіме көтеремін, сөйтіп сені иман келтірмегендерден құтқарамын (тазартамын), ал саған ілескендерді қиямет күніне дейін кәпірлерден жоғары етемін…"**

Сүре3:55

***Иншә Алла!*** Ал Имран Сүресінде жазылғандай біз Исаның құрбандығын қабылдасақ Алла бізді тазалайды және өзіне көтереді. ***Ал Хамдулиллах!***

Пайғамбар Мухаммед Ал Мустафа да олар алдында өзінің джихадтарымен шектеліп қалмай Ең Ұлы Достың қамқорлығын қабыл алды. Ендеше бізде сеніммен солай айтуға тиіспіз:

- **«Аллахума,** (О, Алла)
- **Астафируллах** (Менің күнәларымды кеше көр) Басқа жолдардан бас тартып, Саған, Сенің айқын құрбандығың Исаға қиямет күні мені құтқарады деп сенемін. Мен тек сенің хақ (тура) жолыңды қабылдаймын.
- **Мені сенімді түрде жетелей көр менің Ең Ұлы Досым.**

**Иса Ғ.С. қозғалмас күшіне сенеміз бе?**

**Алла Тағала өз құдіретті күшімен бізге тура жолда (Ал Сиратул Мустакиим) шипасымен батасын берсін!**

Вассаламу алайкум ва рахматулла ва баракату